



Эни Барлау-Өндіру Қазақстанда
Қыркүйек, 2015 ж.



eni
eni.com





Энидің Қазақстандағы негізгі кезеңдері

1992

Эни Өнімді бөлісу келісімінің тәртібі бойынша Қарашығанақ кен орнын игеру туралы келіссөз жүргізуге эксклюзивті құқыққа ие болды

1993

Солтүстік Каспий теңізіндегі аумағы 5500 км² 11 блок жөнінде Қазақстан Каспий Шельф Консорциумы туралы Келісімге қол қойылды

1997

Қарашығанақ ақырғы өнім бөлісу келісіміне (АӨБК) және Солтүстік Каспий теңізі өнім бөлісу келісіміне (СКТӨБК) қол қойылды

1998

Эни Қарашығанақ кен орнына Биджидің операторласы болып тағайындалды. Қашаған кен орнында көмірсутектерді барлап өндіру мақсатымен Халықаралық консорциум Оффшор Казакстан Интернэшнл Оперейтинг Компани Н.В. (ОКИОК) компаниясы құрылды

1999

Қарашығанақты игерудің 2-ші кезеңі басталды

2000

Қарашығанақ кен орны ашылды

2001

СКТӨБК бойынша «Бірегей оператор» ретінде Эни филиалы Аджип Каспиан Си Б.В. компаниясы таңдалды. Бұл рөл Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. (Аджип ҚШО) компаниясына берілді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қарашығанақ өңдеу кешенінде (ҚӨК) жаңа электр станциясын ашты

2002

Қаламқас кен орны ашылды

2003

Ақтоты мен Қайран кен орындары ашылды. Қарашығанақты игерудің 2-ші кезеңі аяқталды. Президент

Нұрсұлтан Назарбаев 2-ші кезеңі «Алғашқы мұнайдың» тұсауын кесті

2004

Қашағанды игеру жоспары мен бюджеті бекітілді

2005

ҚазМұнайГаз Ұлттық Компаниясы Қашаған жобасына ресми түрде кірді

2009

Норт Каспиан Оперейтинг Компани (НКОК) компаниясы СКТӨБК бойынша оператор боп тағайындалып, Аджип ҚШО Қашағанды игерудің коммерциялық өндіруге дейінгі 1-ші кезеңі үшін тағайындалған агенті ретінде жауапкершілігін сақтап қалды.

2012

ҚазМұнайГаз Ұлттық Компаниясы Қарашығанақ бірлескен кәсіпорнына ресми түрде кірді

2014

Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. компаниясы СКТӨБК бойынша бірегей операторы болып тағайындалды. Эни мен ҚазМұнайГаз Каспий теңізінің Қазақстан секторында орналасқан Исатай телімін бірлесіп игерудегі және Маңғыстау облысының Құрық кентіндегі кеме жасау/ жөндеу зауытын салудағы ынтымақтастықтың негізгі шарттарын белгілейтін стратегиялық келісімге қолдарын қойды.

2015

ҚазМұнайГаз бен Эни Исатай теңіз теліміндегі жер қойнауын пайдалану құқықтарының 50 пайызын Эниге тапсырудың коммерциялық шарттарын белгілейтін келісімге қолдарын қойды.

Эни жобалары

Эни 90-шы жылдардың басында Қазақстанға келген алғашқы халықаралық мұнайгаз компанияларының бірі. Республиканың қуат саласында мығым отырған компания қазіргі кезде Қарашығанақ кен орнының операторласы және Солтүстік Каспий өнім бөлісу келісіміне қатысушы (СКТӨБК) бола тұра, еліміздің ең ірі екі жобасында маңызды үлеске ие болып отыр.

Қашаған

Эни 4600 шаршы километр игерілмеген аумағына жайылған 2000 жылы келісім-шарт аумағының солтүстік жағында ашылған Қашаған кен орнын барлау мен игерудің шарттарын айқындайтын СКТӨБК жобасында 16,81 пайызына ие. Көлемі мен техникалық және экологиялық күрделіліктеріне байланысты Қашаған кен орнын Өнім бөлісу келісімінің қазіргі кездегі бірегей операторы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Нью Венчур» (НКОК НВ) компаниясы кезең-кезеңімен игеретін болады.

Осы аумақтағы басқа ашылымдары Қаламқас, Ақтоты және Қайран кен орындарын қамтиды.

Қарашығанақ

Батыс Қазақстанда орналасқан 1979 жылы ашылған Қарашығанақ кен орны дүние жүзіндегі ең ірі газ конденсаты кен орындарының бірі болып табылады. Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Консорциумы (ҚПО) операторлас Эни және Бритиш Газ компанияларымен бірге өндірістік жұмыстарын жүргізіп жатыр.

2014 жылы Қарашығанақтағы өндіру көлемі орта есеппен күніне 242 мың баррель сұйық пен күніне 909 миллион текше фут табиғи газ деңгейіне жетті.

Тұрақты даму

Эни тұрақтылықты бизнес тиімділігі мен беделін күшейте отырып, уақыт өте тұра нәтижелерді қамтамасыз ететін үздіксіз жетілдіру үдерісінің қозғалтқыш күші деп біледі.

Эни адамдар мен олардың құқықтарын сақтауға, іс-әрекетін жасап жүрген жердегі қоршаған орта мен халықтың мүдделерін сақтауға бағытталған принциптерді ұстанады. Диалог пен өзара міндеттердің ортақ құндылық жасаудың жолы екенін есіне сақтап, мүдделі тұлғалардың мүдделерін толық есепке ала тұра қызметін атқарады.

Қоршаған орта

Эни 2014 жылы жаңартпашыл экологиялық мониторинг жүйесін енгізді. Эни жасаған жобасы экологиялық мониторинг пен актив тұтастығын қамтамасыз ететін мобильді су асты көлігін пайдалануға мүмкіндік береді.

Каспий өңіріндегі мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің осы түрінің алғашқысы болып табылатын Орал өзенінің атыруындағы (Орал өзенінің паркін дамыту жобасы) биологиялық сан алуандығын басқаруға арналған кешенді бағдарлама өткен жылдың ішінде аяқталды. Бұл бағдарламаны Эни компаниясы қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары жөніндегі Қазақстан Республикасының өкілетті органының демеуімен Каспий өңіріндегі қоршаған ортаны және экожүйелерді қорғау мақсатында бастаған. 2014 жылдың маусым айында ЮНЕСКО бұл жобаны өзінің «Адам және биосфера» бағдарламасына енгізу туралы ресми хабарлама берді.

Білім

Эни әрқашанда қызметін атқарып жүрген елдердегі оқу орындарындағы ғылыми және технологиялық біліктіліктерді дамытуға зор назар аударып жүреді.

2012 жылы Эни мен Астанадағы Назарбаев Университетінің Ғылыми-зерттеу және жаңартпа жүйесі Энидің корпоративтік университетінің қолдауымен экологиялық инжиниринг бойынша Эни ғылыми-зерттеу лабораториясын ашу туралы келісімге келді.



Бұл жоба басты назарын күн қуаты мен материал құрылымына аударып, арнайы білімдік бағдарламаларды және ғылыми-техникалық біліктілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Денсаулық

Эни үшін жергілікті халықтың өркендеуіне үлес қосуы дамудағы серіктесі ретіндегі өзінің тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Эни Маңғыстау облысындағы екі спорт кешені құрылысын қаржыландырды. Біріншінің құрылысы Қызылтөбе ауылында 2013 жылы жазда, екіншінің Басқұдық ауылында 2014 жылы аяқталды. Спорт кешенінің екеуі де бокс, баскетбол, волейбол, гимнастика және тағы да көптеген басқа спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік беріп, жергілікті спорт және мәдени өмірінің орталығына айналатын болады.

Балалардың жылдағы Италияға сапарлары

Қазақ балаларын Италияның Адриатика теңізінің жағалауында орналасқан атақты Чезенатико курортында жылдағы қарсы алу Энидің жастарға арналған қалыптасқан және дәстүрлі бағдарламаларының бірі. 1999 жылынан бастап жағдайы нашар

отбасыларынан келген 160 баланың Адриатика жағалауындағы жағымды ортада уақыт өткізуге, сан алуан денсаулық және көңіл көтеру шараларына қатысуға және Италиядағы әртүрлі қалалар мен тарихи орындарға баруға мүмкіндіктері бар. Жалпы алғанда, лагерьге 2 мыңнан астам бала барып келді.

Эни Қашаған және Қарашығанақ жобаларындағы серіктестігі арқылы өңірлердің тұрақты дамуларына да үлесін қосып жатыр

Осы күнге Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік инфрақұрылым жобаларына салған инвестиция көлемі 275 миллион АҚШ доллардан асып түсті. Өткен жылдарда көптеген жаңа мектептер, балабақшалар, ауруханалар, әлеуметтік және тұрмыстық ғимараттар салынды. Жүздеген шақырым жол да тартылды.

Қашаған операциялары өтетін Атырау мен Маңғыстау өңірлеріндегі әлеуметтік инфрақұрылым бағдарлама, жол салу және электр қуатпен, газбен, сумен жабдықтау жобаларын қоса алғанда, халықтың әл-ауқатын көтеруге арналған мектеп, балабақша, спорттық ғимарат және басқа да инфрақұрылым объектілерін салуды қамтиды. Осы күнге әлеуметтік жобаларға салған инвестиция көлемі 440 млн. АҚШ доллардан асып түсті.

Эни: Қысқа шолу



Д аралы



eni.com сайтын көріп кетіңіздер



Eni S.p.A.
Энрико Маттеи алаңы, 1
00144 Рим – Италия
Тел.: +39.06.598.21
Факс: +39.06.221.41
eni.com

«Аджип Каспиан Си Б.В.» компаниясының
Қазақстандағы филиалы
«Аджип Қарашығанақ Б.В.» компаниясының
Қазақстандағы филиалы
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы
Есіл ауданы, Достық к-сі 18
«Москва» бизнес орталығы
Тел.: +7.7172.79.28.00
Факс: +7.7172.79.28.03
eni.com

Эни – Әлемнің 83 мемлекетін қамтитын 84 мың жұмыскері бар біріктірілген қуат компаниясы. Эни компаниясы мұнай-газ кен орындарын барлау және игеру, мұнай мен табиғи газ шығару, сондай-ақ табиғи газ бен сұйытылған табиғи газды, электр қуатын, жанармай мен химиялық өнімдерді жеткізу, сату және тасымалдау жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар, Эни компаниясы мұнай өңдеу мен мұнай-химия зауыттарында көтерме саудагерлер немесе бөлшек сауда тораптары мен дистрибьюторлар арқылы сатылатын жанармай, жанар-жағармай материалдары мен химиялық өнімдерді өндіру мақсатында шикі мұнай және өзге мұнай шикізаттарын өңдейді. Эни компаниясы аумақтарда және күрделі табиғи климаттық жағдайларда орналасқан технология жағынан жетілдірілген мега жобаларды жүзеге асыруға бағдарланып, жобалау, мұнай кәсіби қызметтерді көрсету және құрлық пен теңізде құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Эни компаниясының стратегиясы, ресурстарды таратып үйлестіру үрдісі мен күнделікті операциялық қызметтер атқару қағидаттары бүкіл мүдделі тараптарға тұрақты құндылықтарды беру жүйесінің негізі бола отырып, Эни компаниясымен қызмет істеп жүрген немесе компанияда жұмыс жасап жатқан адамдарға, шет елдерге сый-құрмет көрсету негізінде жасалған. Бизнес басқаруындағы тұтастық, ел дамуын қолдау, жасап жүрген жұмысындағы операциялық артықшылық, бәсекегі шешімдерді табудағы жаңартпашылдық, Энидің адамдарын еліктіру, ноу-хау мен біліктілікті дамыту, компанияның жоспарларындағы және процесстеріндегі қаржылық және қаржылық емес мәселелерді біріктіру Эниді тұрақты құндылық жасаудағы қозғайтын күш болып табылады. Осы элементтер дана инвестициялық таңдауларға, тәуекелдерді болдырмауға, қысқа, орташа және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға жеткізеді. 2015 жылы Эни маусым бойынша жартыжылдық шолуда Dow Jones тұрақтылық индексі мен FTSE4Good тұрақтылық индексідегі қатысуын растады.

2014 жылдың негізгі көрсеткіштері

- Түзетілген таза кіріс: €3 707 млн.
- Операциялық қызметтерден түскен қолма-қол ақша ағыны: €15 110 млн.
- Қарыздың таза мөлшері: €13 685 млн.
- Акционерлерге төленген дивидендтер сомасы: €4 006 млн.
- Меншікті және қарыз қаражатының арасалмағы: 0,22
- Көмірсутек қорларының расталған көлемі: 6,60 млрд. баррель мұнай эквиваленті
- Көмірсутек шығару көлемі: 1 598 тәулігіне мың баррель мұнай эквиваленті
- Әлемдік газ сату көлемі : 89,17 млрд. текше метр.
- Еуропадағы бөлшек сауда көлемі: 9,21 млн. тонна
- Еуропадағы жанармай станцияларының саны: 6 220